

"Меншіктегі, сондай-ақ мемлекет иеленуі мен пайдалануындағы геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, жүйеге келтіру, жинақтап қорыту және беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 380 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрінің 2025 жылғы 14 шілдедегі № 258 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 17 шілдеде № 36455 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Меншіктегі, сондай-ақ мемлекет иеленуі мен пайдалануындағы геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, жүйеге келтіру, жинақтап қорыту және беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 380 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17079 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Меншіктегі, сондай-ақ мемлекет иеленуі мен пайдалануындағы геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, жүйеге келтіру, жинақтап қорыту және беру қағидаларында:

42 және 43-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Есептің жалпы бөлігімен танысқаннан кейін заңды тұлға қажет болған жағдайда есепті не есептің бір бөлігін өтеусіз негізде алуға өтінім береді. Геологиялық ақпарат осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша геологиялық ақпараттың көшірмесін/төлнұсқасын өтеусіз негізде алуға өтінім (бұдан әрі – өтінім) негізінде пайдалануға беріледі. "Minerals.e-qazyna.kz" интернет-порталындағы Жеке кабинеттен не тапсырыс бойынша жасанды жеткізгіштер арқылы геологиялық ақпараттың көшірмесі түрінде талап етілетін геологиялық ақпаратты беру 15 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады, Оператор көрсетілген мерзімде бір жер қойнауын пайдаланушыға 10-нан аспайтын есепті ұсынуды қамтамасыз етеді";

"43. Бастапқы геологиялық ақпарат 6-қосымшаға сәйкес өтінім негізінде 15 жұмыс күні ішінде электрондық және (немесе) табиғи жеткізгіштердегі ақпараттың төлнұсқалары түрінде пайдалануға беріледі";

6-қосымша осы Бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

8-қосымша алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің Геология комитеті Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылым министрі

E. Нагаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылым
министрінің
2025 жылғы 14 шілдедегі
№ 258 бүйрығына қосымша
Меншіктегі, сондай-ақ мемлекет
иеленуі мен пайдалануындағы
геологиялық ақпаратты есепке
алу, сактау, жүйеге келтіру,
жинақтап корыту және беру
қағидаларына
6-қосымша

Геологиялық ақпараттың көшірмесін/төлнұсқаларын сатып алуға өтініш

Геологиялық ақпаратты жинау, сактау, өндіру және беру жөніндегі ұлттық оператор "ҰГҚ"
АҚ-та шығыс № _____ күні _____

Геологиялық ақпарат тізбесі:

№	Түгендеу	Автор/объекттің атауы	Геологиялық ақпараттың атауы	Кұрастыру/іріктел алу жылы
1				
2				
3				

Геологиялық ақпараттың түрі:

(қайталама/бастапқы)

Жеткізгіштің түрі: _____

(жасанды/табиғи)

Алу тәсілі: _____

("Minerals.e-qazyna.kz" интернет-порталынан жүктеп алу, жасанды/табиғи жеткізгіштерде тапсырыс бойынша)

Жеткізу қажеттілігі: _____

(қажет (жеткізу мекенжайын көрсету)/қажет емес)

жеке тұлғаның (ТАӘ (бар болса) (қолы, күні) немесе заңды тұлғаның атауы)

Мөр орны (бар болса)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК